



# ТҰҢҒЫШ бүркітші қыз

Жұлдыз Тойбек,  
«Орталық Қазақстан»

- Бапым-бапым...


Бүркіт, сенің осы дауысың арқылы қайда тұрсаң да тауып барады, зар күйіне келгенде сен ауыз ашқанша балдағына келіп қонар еді. Бүркіт қырағы құс, қолыңды көтерсең болды, балдағын жазбай таниды. Мақпал да бала кезінен өзін бүркітсіз елестете алмайды.

Ерлер арасындағы Құсбегілік өнердің шебері, Қазақстан Республикасының төрт дүркін чемпионы, Қазақстанның тұңғыш бүркітші қызы Мақпал Әбдіразақованың есімі бізге ертеден етене таныс. Еліміздегі жалғыз бүркітші қыздың біздің Қарағанды облысынан шыққаны үлкен мақтаныш. Тақыр жерге шөп шықпайды. Мақпалдың туған жері - Шет өңірі ұлттық үрдісімізді, ұлттық салтымызды сақтауда басқа жерлерге қарағанда көш ілгері. Кеңестік заманның өзінде бұл өңірде қиулап көкпардың дода және мара түрлері тартылып, қатын күресі өткен көрінеді. Сол үрдіс қайсыбір жылдары шабандағанымен бертінге дейін үзілмепті. Ел тәуелсіздігі жылдарында ұлттық спорт түрлерінің қарыштап дамығаны белгілі. Сол тұста шеттік спортшыларының түкірігі жерге түспей тұрды. Аударыспақ, теңге ілу, көкпар тарту, қыз қуу сынды ат спорты түрлерінен ел намысын осы шеттіктер қорғады. Еліміздің түпкір-түпкірінен атшабарды ұлықтаған өскіндер білу үшін, жинаған азды-көпті тәжірибесін шыңдап, ұштау үшін осы өңірге қысы-жазы ағылып жатты. Әйгілі бүркітші Тілеуқабыл Есенбеков ағамыздың мұрындық болуымен бұл өңірде құсбегілік қарқын алып, дабыры сонау кәрі құрлыққа кеткен. Тілеуқабыл ағаның ұйымдастыруымен қазақ жеріндегі алғашқы салбурын осы Шет топырағында өткен.

Сол салбурынға қатысқан ауыл қара домалақтарының көкейінде мен де сондай

көшірмесі еді, көп нәрсені оның осы қыз балалығы шешкен. Иесіне жылдап барып бой үйрететін түздің қандыкөз шеңгелдері Мақпалға келгенде жуасып-ақ қалатын, оның бапымдаған дауысы шықты-ақ, балдағына қанатын қақпай-ақ жетер еді. Мақпалдың темір қанатынан тәрбиелеген мұндай құстары аз болмады. Алайда олардың барлығы бірдей бесболат болып шықпады...Тек «Ақжелке» атты бүркітші болмаса. «Ақжелке» атты бүркітін балапан кезінде Алматыдағы ардагер бүркітшілер сыйға тартып, батасын беріпті. Содан бері «Ақжелкесі» қасында, әлі бабында. Он жылдан астам осынау қырағы құсымен аңға шығып, жарысқа қатысып, қанжығасы майланып жүр. Өсіресе, «Ақжелке» түлкіні жақсы аулайды. Алғаш рет Мақпал қансонарға 13 жасында шықты. Бүгінде 25-ке келіп қалған бүркітші қыз құсбегілік өнердің қыры мен сырын терең игерді.

Құсбегілік, айтуға ғана оңай өнер, спорт түрі. Әйтпесе құстың бағымы баланың бағымынан әсте кем емес, бабы келмесе бістәктайды да тұрады, үйкүшік қылып жіберсең шаңқылдап тұрып алады. Сырт қарағанда құс та тіл жоқтайын көрінеді, шын мәнінде оның шаңқылының өзінде талай дыбыс реңкі жатыр, нағыз құсбегі соны айыра біліп, жанын тыныштандырады. Бүркіт деген кекшіл құс, сондықтан да, ол сенің әрбір әрекетіңді жадысында мықтап ұстайды, сенің қандай көңіл күйде болғаныңды дауыс реңкіңе қарап айырады, ол өзінің саған тәуелді еместігін бүкіл жан-дүниесімен, ішкі түйсігімен түсінеді. Соған орай ол шешімді өзі қабылдайды, сен тек оған себепкер ғанасың. Бүркіттің күнделікті қорегін қадағалау да жеңіл емес. Құстың жүні жақсылап түлеу үшін дұрыс тамақтандырып, қауырсындары мен тырнақтары жақсы өсуі



Сол салбырынға қатысқан ауыл қара домалақтарының көкейінде мен де сондай болсам деген арманның оянғаны анық. Өйткені, ол жылдары ат спорты, құсбегіліктің нарқы жоғары болатын. Оларға қай жерде де болсын, үлкен құрмет көрсетілетін. Тәр солардікі еді.

Осы дүмпумен ат спорты мен құсбегіліктен талай спортшылар өсіп шықты. Жер-жерлерде өз мектептерін ашқандар да болды. Тіпті, Жұмыскер ауылында бір ғана ат спорты бойынша артық-кемі жоқ тура жиырма бес бірінші санатты төреші болған екен, осы ауылда Арқа өңірінде бірінші болып мектеп бағдарламасына ат спорты енгізілген, ал дәрісті сол ауылдың бұрынғы әкімі Балтабай Игенұлы берген. Балтекең ат спортынан халықаралық дәрежедегі төреші екен, кешегі Қарасай батырдың асында атшабарлық тізгінін сол Балтабай ұстапты. Аудан орталығы Ақсу-Аюлыдағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте құсбегілік сыныбы пән ретінде енгізілген. Онда басқалармен бірге осы біз тілге тиек етіп отырған Мақпалдың әкесі Мұрат Өбдіразақов дәріс беретін. Мұрат та - елге әйгілі бүркітшілердің бірі, талай байрақты дүбірлерде ел намысын бермеген, алтыннан олжа салған құсбегі. Олай болса, Мақпалдың құсбегілікке келуінде белгілі бір сабақтастық жатыр.

Мақпал, әрине, құсбегілікті әкесінен дарытты, аудан орталығындағы мектепте осы өнерін дамытты. Оның басқаларға қарағанда бір артықшылығы бар еді, ол табиғат ананың

жақсылап түлеу үшін дұрыс тамақтандырып, қауырсындары мен тырнақтары жақсы өсуі үшін қызыл етті көбірек беріп, баптау керек. Бүркіт күніне бір келі ет жейтін болса, бір жылда бір ірі қараның етін қорек етуі әбден мүмкін. Мақпал мамандығы заңгер болып, мемлекеттік қызметте істесе де, қырағы құсын аялап баптауға уақыт табады.

Мақпалдың алғаш рет бүркітшілер арасында өткен жарысқа шығуы да қызық. Бабалар тарихында саятшы қыздар болғанымен құсбегілер болмапты. Федерация жарғысында да әйелдер жөнінде ештеңе айтылмаған, құсбегілер жарысына нәзік жандылар қатысады деп кім ойлапты?! Сонымен, не керек, көпшілік дауыспен қара көбейтер ретінде жарысқа Мақпал қыз да жіберіле салған. Қай спорт түрі болсын, ол екіге бөлініп жатады, ерлер арасындағы деп, әйелдер арасындағы деп, бұған сайсақ Мақпал әйелдер арасында сайысу керек-тін. Алайда, елімізде Мақпалдан басқа құсбегі қыз жоқ болатын.

Бара-бара елдің көзі Мақпалға үйренді, бүркітші қыз атанды. Мақпалсыз өткен салбырында мән қалмайтын болды, бүркітші ағаларының алдына түспесе де, иық теңестірді, 2003 жылы оған «Спорт шебері» деген құрметті атағы берілді.

Одан бері де қаншама уақыт өтті. Мақпал Мұратқызы республикалық спартакиада мен салбырындарға қатысып, жүлделі орыннан ғана көрінді. Сөйтіп, ерлер арасында жүрген жалғыз бұрымды қыз өзін елге нағыз бүркітші ретінде мойындатты.